

Арқалық қаласы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің басшының міндетін атқарушы Қариев Серік Оразбаевич және азаматтық персонал Бекбосынов Асылбек мектебіміздің 11- сынып ер балаларымен Қарулы Күштердің әскери оқу орындарымен таныстыру, әскери мамандық тандауға ынталандыру мақсатында **кездесу** өткізді.



Кездесу барысында әскери-оқу орындарына түсуге қандай құжаттар дайындау, және қандай пәндер бойынша сынақтар тапсыру, оған қанша балмен түсу керек сияқты мәліметтер толыққанды жеткізілді. Одан өзге, әскерилер өз өмірлеріндегі жетістіктері мен қиындықтары туралы әңгіме құрып, оқушылардың әскерге деген қызығушылықтарын оятты.



Елімізде әскери мамандар даярлайтын оқу орындары:

1. Сағадат Нұрмағанбетов атындағы Құрлық әскерлерінің әскери институты. Алматы қаласы
2. Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты Алматы қаласы
3. Екі мәрте кеңес одағының батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Өуе қорғанысы күштерінің әскери институты. Ақтөбе қаласы
4. Ш Уәлиханов атындағы әскери колледжі. Шучинск қаласы

